

Орал гуманитарлық –техникалық колледжі бойынша «Жұмысшы мамандықтар жылына» арналған атқарылған шаралар есебі

1. Оқу-әдістемелік жұмысы бойынша

«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында колледж бен мектептің жұмысын нығайту барысында «Заманауи педагог: озық тәжірибе, инновациялар» атты тәжірибелі педагогтар мен колледж түлектерінің тәжірибе алмасу алаңы өтті. Мақсаты - заманауи сабақ жүргізу және тәрбие бағыттарын іздеу, колледж түлектерімен ынтымақтастықты дамыту, педагогтар арасында тәжірибе алмасу. Шараға колледждің 2011, 2014, 2016, 2018, 2021 жылғы түлектері мен колледж тәжірибелі педагогтары қатысты. Шара барысында түлектер мен педагогтар тәжірибелерімен алмасып, «Пути использования активных методов на уроках русского языка» (Джамбаева А.Б.), «Дарынды студенттермен жұмыс жүргізу жолдары» (Шотова Г.С.), «Педагогтың іс-шараларында заманауи әдістерді қолдану – кәсіби өсуінің көрсеткіші» (Спашева Н.Г.), «Ұлттық құндылықтарға заманауи көзқарас және үздік тәжірибе» (Утегенова Н.А.), колледж түлектері: Шевчук А.Б. «Современный подход к физическому воспитанию», Темирланов А.М. «Индивидуальные командные действия в играх», Урашева А.Ж., Давлеткалиева Д.А. «Boosting Reading skills in English lesson», Кармысов А.А. «Жас маманнан- тәжірибелі ұстазға қадам», «Бөбекжайда экологиялық мәдениетті қалыптастырудың заманауи тәсілдері» Аманғалиева А.Ә. тақырыптары бойынша бөлісті. Қатысушылар заманауи әдіс- тәсілдер арқылы сапалы сабақ жүргізу түрлерімен танысты.

Ссылка:

Президентіміз Қасым- Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар» жылы деп атауына орай 2025 жылдың 28 ақпан күні Орал Жоғары гуманитарлық- экономикалық колледжі базасында «BabySkills» чемпионаты өтті. Чемпионатқа «Дене тәрбиесі және спорт», «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» құзіреттіліктері бойынша 4 студент қатысты. Байқау қорытындысында «Дене тәрбиесі және спорт» құзіреттілігінен ЗаКШФ, ЗабКШФ студенттері Досқазы А- I орын, Балтабек Б.- III орын , «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» құзіреттіліктері бойынша 4аРДО топ студенті Елизарова А-III орынды қаңжылады. Студенттерді «AZIM» бөбекжай менгерушісі Г.Г.Қайырғалиева, №47 «Жігер» бөбекжай әдіскері Т.И.Хлюстова, колледж педагогтары Т.У.Маденова, А.Б.Кужахметова, Қ.А.Мақсот, З.А.Курмангазиевтер дайындады.

Ссылка: <https://www.instagram.com/p/DGvUQcJNsR7/?igsh=MXNxendqamZ3NjFvZA==>

«Жұмысшы мамандықтар» жылы аясында «Жетістікке жету кілті өз қолыңда» атты TEDx форматында колледж түлектерімен кездесу өтті. Кездесуге колледждің алғашқы 2001 жылғы, 2005, 2006, 2008, 2015, 2018 жылғы түлектері шақырылды. Мақсаты колледж түлектерін өздерінің өмір жолдары туралы, жетістіктері мен кездескен қиындықтары туралы әңгімелеу арқылы студенттерді мамандыққа деген сүйіспеншілігін арттыру, мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту, мамандық бағытын таңдауда жауапты шешім қалыптастыру. Кездесуге Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Ақшұқыр мектеп-лицейінің қазақ тілі мұғалімі Жанакашева Г.А., БҚО Жаңақала ауданы Жас туристер станциясы педагогі Кенжеғалиева Г.М., Орал қ., Круглоозерное ауылы «Шамшырақ» бөбекжайы әдіскер-тәрбиешісі Иманбек Ә.С., Орал қ., «AZIM» бөбекжайы тәрбиешісі Каримова А.Н., Орал қ. №16 мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Казыдуб В.Ю., директордың орынбасары Муканғалиева А.Ж., БҚИТУ Білім және менеджменті институты шетел тілі кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м. Жусупова Н.Қ., М.Өтімисов ат. БҚУ мәдениет және өнер факультетінің тәрбие ісі деканы орынбасары Куаншалиева Р.Ж., УГТК дене тәрбиесі оқытушысы Кужахметова А.Б. қатысты. Шара барысында қонақтар өз өмір жолдары жетістіктері туралы әңгімелеп, студенттер қойған сұрақтарына тұшымды жауап алды.

Ссылка: https://www.instagram.com/p/DKJzPwetOH-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Жұмысшы мамандықтар жылына орай «WORDSKILLS KAZAKHSTAN -25» колледжішілік чемпионаты өтті. Мақсаты жастар арасында мамандықтарды насихаттау, жұмыс кәсібі мен шеберлік дағдысының беделін арттыруды көздейді. Чемпионат «Бастауыш білім беру мұғалімі» құзіреттілігі бойынша ұйымдастырылды. Чемпионатқа 3-4 курс студенттерінен 7 студент қатысты. Байқау 3 модульден тұрды. Модуль А – сабақ жоспарын жасақтау, Модуль В – ата-аналар жиналысын дайындау, Модуль С – жоба қорғау. Қатысушылар аталған модульдер бойынша тапсырмалар орындады. Байқауды колледж құрылтайшысы профессор Ш.Х.Курманалина, эксперт-оқытушылар бағалады. Байқау қорытындысы бойынша I орын- Р.Рашит, II орын- Ж.Амангелді, III орын- А.Лапкина қалған қатысушылар сертификаттармен марапатталды.

Ссылка: <https://ugtk.edu.kz/kz/news/1444-wordskills-kazakhstan-25-kolledzhishilik-chempionaty-tti>

Президентіміз Қасым- Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар» жылы деп атауына байланысты БҚО білім басқармасының қолдауымен Орал

гуманитарлық-техникалық колледжі базасында «Бастауыш сыныптарда оқыту» кұзіреттілігі бойынша колледж базасында «WorldSkillOral 2025» өңірлік чемпионаты ұйымдастырылды. Чемпионатқа Ж.Досмухамедов атындағы жоғары педколледж, Орал жоғары гуманитарлық- экономикалық колледждерден 9 студент қатысты. Байқауға төрешілікке 9 сарапшы, 1 тәуелсіз сарапшы қатысты. Байқау 3 модульден құралды. Интерактивті құралдарды пайдалана отырып, оқу пәндерінің бірінен 2 сыныпқа арналған сабақ жоспарын әзірлеу, әдістемелік сүйемелдеу және фрагментін көрсету, 2- модуль ата-аналар жиналысын өткізу, 3- модуль берілген тақырыпқа жоба қорғау. Қорытындысында Орал гуманитарлық-техникалық колледж студенті Р.Рашид - 1 орын, 2- орын – Лапкина А, 3- орын Ж.Досмухамедов атындағы ЖПК студенті Айтжанова Аружан жеңіп алды.

Ссылка:

https://www.instagram.com/reel/DI66aQcNGXK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==

Солтүстік Қазақстан облысы М.Жұмабаев атындағы жоғары колледжімен ынтымақтастық аясында колледж студенттері оқытушылардың басқаруымен жұмысшы мамандықтар жылына арналған халықаралық қатысуымен «Жастар. Ғылым. Инновациялар» инновацияллық жобалар байқауына қатысты. Шара мақсаты: ғылыми жұмыстарға студенттерді сүйемелдеу, озық тәжірибелермен бөлісу. Шараға РФ Самара қаласы, Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы, Қарағанды, Тараз, Алматы қалаларының колледж студенттері қатысты. Біздің колледжден 6 студент қатысты. Қорытындысы бойынша Каратаева Әсемгүл ІІІ орынға (жетекшісі К.К.Косбаева), басқа студенттер сертификаттармен марапатталды.

Ссылка:

https://www.instagram.com/p/DIbfhq2NtAN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==

«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында Ұлы Отан соғысының 80-жылдығына орай «Ұлы Отан соғысы: ерлік- елге өнеге, ұрпаққа аманат» атты колледжішілік педагогтар мен студенттерге арналған тағылымдық-практикалық конференция өтті. Мақсаты: оқытушылар мен студенттер арасында Ұлы Отан соғысы туралы білімдерін артыру және халықтар ерлігін мәңгі есте сақтау. Оқытушылар Т.У.Маденова, Ф.Ж.Ихсанғалиева

«Неисчерпаемая искра человеческой души», «Подвиг этот, будет в памяти жить» атты баяндамаларында өз әкелерінің соғыс және бейбіт кездеріндегі еңбегі туралы тағылымды әңгіме жүргізді. Дене тәрбиесі оқытушысы А.А.Мутиев өзі оқыған мектебінің мұражайындағы жәдігерлердің бірі жерлесі ұлы отан соғысы ардагері туралы жинаған ақпараттарымен бөлісті. Студенттер Н.Әнжан, А.Мардашева, Ж.Таскали сұрапыл соғыстың елімізге, әр отбасына тигізген зияны, Ленинград қорғаны туралы тың ақпараттармен бөлісіп, презентация дайындады. Н.А.Утегенова мен 1 курс студенттері «Соғыс басталуы» атты көрініс дайындады, Н.Әнжан ардагерлерге арнауын оқыды.

Ссылка: <https://ugtk.edu.kz/kz/news/1450-ly-otan-sogysy-erlik-elge-nege-rpak-k-a-amanat-atty-kolledzhishilik-tagylymdyk-praktikalyk-konferentsiya>

Ағымдағы жылдың 10 сәуірінде Орал гуманитарлық-техникалық колледж серіктестік аясында СҚО Петропавл қаласының М.Жұмабаев атындағы жоғары колледжімен бірлескен «Колледжде оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың заманауи тәсілдері: цифрландыру, инновациялар және білім беру сапасы» атты республикалық семинар өтті. Семинарға Орал гуманитарлық-техникалық колледжі, Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж, «Bolashaq» Қарағанды жоғары колледждерінің оқытушылары қатысты. Семинардың мақсаты: тәжірибені тарату, өзекті мәселелерді талқылау және колледжде білім беру үрдісін ұйымдастырудың тиімді шешімдерін іздеу. Колледж оқытушылары А.Ж.Отарбай, Д.Е.Мазгутова, Г.С.Шотова, А.Б.Кужахметовалар өз тәжірибелерімен бөлісіп, әріптестерінің өзекті мәселелерге байланысты ой-пікірлерін тыңдады. Семинар мақсатына жетті, бірілескен жұмыстарды жалғастыру көзделді.

Сондай-ақ, жалпы білім беретін пәндер оқытушылары арасында "Жалпы білім беретін пәндерді оқыту бойынша тәжірибе алмасу: сұрақтар мен шешімдер, инновациялар" және 29.04.25 ж. онлайн семинар-практикум: "Арнайы пәндерді оқытудағы өзекті мәселелер" арнайы пәндер оқытушылары үшін демонстрациялық емтихандар өткізу бойынша 01140500 "Дене тәрбиесі және спорт", 01140100 «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» мамандықтары бойынша семинар ұйымдастырылды.

Ссылка:

https://www.instagram.com/p/DIbfhq2NtAN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында колледж студенттері А.Лапкина, Р.Рашит, Ж.Амангалиевалар басшының орынбасары А.М.Сагидуллинамен ТДК-42 телеканалына сұқбат берді.

Ссылка: https://youtu.be/_rg7i8X08ps?si=enUCujQ-RzUyDvux

12 маусым күні Орал гуманитарлық-техникалық колледж студенттері мен оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі директордың орынбасары Кужахметова А.Б. "Атамекен" балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы" жазғы лагерінде "Менің болашақ мамандығым" тақырыбында кездесу ұйымдастырды. Колледж студенттері демалушыларға өздерінің мамандықтары туралы ақпарат берді, өздерінің жетістіктерін, колледжге қалай оқуға түскендері туралы таныстырды, балалар қай мамандыққа қызығушылық танытқанын ашып айтып, әрдайым сұранысқа ие болатын педагогикалық мамандықтар туралы білді. Олар «Мамандықтар» тақырыбына жұмбақтар шешіп, күліп, өз ойларын белсенді түрде талқылады, сұрақтар қойып нақты жауап алды. Әрқайсысы болашақ туралы өз ойлары мен армандарымен бөлісті. Әркім өз мамандығын тауып, өз армандарын жүзеге асыра алады деп үміттенеміз.

Ссылка:

<https://www.instagram.com/reel/DLH5YK1NVOM/?igsh=MXZudWRqOWdudjlmNQ==>